

A.K. ALTAева

МАҚСАТ ЖӘНЕ ШАРТ МӘНДІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ГРАММАТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Шарттылық құбылыстар арасындағы ішкі байланыстан туады. Шартты байланыстың түрлі типтері, өсірсек, құрмалас сөйлем жүйесінде жақсы қалыптасқан. Мұндағы шартты байланыстың типтері деп отырғанымыз – себеп мәннің, қарсы мәннің әрқайсының белгілі бір мөлшерде шартпен байланысы. Мақаланың мақсаты – мақсат пен шарт ұғымдарының байланысын зерделеу. Сөйлем компоненттерінің арасындағы өзара байланыс диалектикадағы даму заңдылықтарымен, адамның ойлау, қабылдау жүйесімен байланыста болады. Қандай да бір тілдік бірліктің қызметін білу үшін тілді тұтас бір жүйе ретінде қарастыру, ірі категориялар аясында қарастыру анағұрлым нәтижелі болып келеді. Соңдықтан біз мақсат пен шарт ұғымдарының сабактастырының пайымдау үшін себептілік категориясына жүгінеміз.

Адам себеп пен әрекеттің аражігін ажыратып, өзінің қызметінде оларды әрі сабактастыра да білді. Себепті қатынасты білдірудің ойдағы формасы адамды қоршаған ақиқат өмірге қатысты қабылданбайды, адамның қылықтарын түсіндіруге қатысты қабылданады. Себеп пен мақсаттың алғашқы тығыз байланысы осыдан туады. Әуелде ақиқат өмірдің себептілігі адам санасында елеулі орын алмаған. Ғылымда ақиқаттағы себепті байланыстағы арнаулы жоспар бойынша зерттеу белен алғанда, себеп мақсаттан біржола ажырайды. Тілдегі кезкелген себепті байланыстарды білдіру, ең алдымен, адам әрекетіне қатысты қолданылады – «мен осылай істедім

және

осылай болды». Себепті сөйлемнің бұл нұсқасы мақсат мәнмен тығыз байланысты. Әрине бүтін мақсат себептіліктің бір жағы ғана. Бірақ себептілікті тану адам әрекетінің мақсатын тану арқылы дамып отырған. Егер себептілік әрекет процесі арқылы дамыған болса, онда ол алғашында әрекеттің мақсаты түрінде өрбіген. Сөйлемнің себепті конструкциясы адамның өз әрекеті не қылықтарын түсіндіру қажеттілігінен туындаиды. Келе-келе адам ақиқат болмысы белгілі бір себептермен түсіндіре бастайды және оны қандай бір мақсатпен түсіндіреді. Алайда бұдан «адам өзінің субъективті түсінігін ақиқат өмірге тана салады» деген жаңсақ пікір тумауға тиіс, себебі қоғамдағы әрекет объективті байланысқан және байланыса алатын құбылыстарды ғана сабактастыра алады. Сонымен, мақсатты қатынастар

себепті қатынастардан басталады. Себептілік категориясының дамуын 3 кезенге бөліп қарасты болады:

1-кезен. Ғылыми ойлауга дейінгі кезен. Себепті байланыстар мен сыртқы байланыстар қатар жүруінен фантастикалық ойлар пайда болып, олар санада бүтін қалпында өмір сүреді.

2-кезен. Ғылыми ойлау кезені, теориялық ойлаудың оқшаулануы.

3-кезен. Себептіліктің философиялық категория болып қалыптасуы, оның логикалық және объективті байланыстар түрінде екіжакты жүзеге асуы.

Олай болса, себептілік шарттылық пен мақсаттылықтан бірден ажыратылмаған. Адамның ғылыми ойлауга дейінгі және қалыпты ойлауы да сондай. Қазірде де себептіліктің ауқымы кең. Егер мақсат әрекет кезінде оны тудыруға қозғау болатын нәтиже десек, онда осы күткен нәтиже олардың себебі де болады. Белгілі бір мақсатқа жетудің қажеттілігін мойында – себеп болады, ол әрекетке қозғау салады. Мақсат – бұл өткеннен бүгінге және келешекке бағытталған саналы, мақсатты түрдегі әрекеттің шартты себебі. Тіл дамуының алғашқы кезенінде мақсат пен себепті білдіруде жүмсалатын тілдік құралдар бір-бірінен ажыратылмай қолданылған. Түркі тілдеріндегі үч түбірінен тарайтын септеуілік – осының дәлелі. Соңда мақсат деген – әрі нәтиже, әрі себеп. Мақсат – әрекеттің күні бұрын ойластырылған нәтижесі әрі мақсатты түрдегі әрекеттің себебі. Мақсат пен шарттың ұқсастығы мынада: белгілі бір мақсатқа жетудің қандай да болмасын шарттары, талаптары болады. Ал мақсат белгілі бір дәрежеде нәтиже әрі себеп болады.

а) Мақсат мәнді сөйлем жасаудың актив колданысы – тұйық етістік пен үшін шылауының тіркесуі. Мысалы: *Жер жузінде зұлымдық, өтірік, өсек дегендердің бар екенін үгындырып, жақсымен қатар жасамадық деген де барын естен шыгармау* үшін, әр ауылда осы *Радиодай* бір адамның жүрері хақ

(Б. Иманғазина).

ә) Жіктік формалы көсемше етістік пен де, бол көмекші етістіктеріне тіркескен –п, –ып, –іп формасы. Мысалы: *Ауызба – ауыз сөйлесем десен*, соңда *бар* (Б. Майлин).

б) Есімше етістік (-р, -ар, -ер) пен де, бол

көмекші етістіктерінің тіркесі. Мысалы: *Дудар-ай, келер болсаң, тезірек кел, Орныңа талай жасаман таласып жүр* (Халық әні).

Мақсат пен шарт және себеп ұғымдарының сабактастығына көз жеткізу үшін мына сөйлем-дерді талдап көрейік:

а) *Батырханды қайтсем көңілдендірем деп, анекдоттың да тиегін ағытып жасырып-ау* (К. Жұмаділов) // *Анекдоттың тиегін ағытып жіберсе, Батырханды көңілдендіре алады.* (шарт-нәтиже) // *Батырханды көңілдендіргісі келгендіктен, анекдоттың да тиегін ағытып жатыр (себеп – нәтижесе).*

ә) *Сыртынан көрген көрген бола ма, ауызбауыз сөйлеспеген соң* (Б. Майлин) (нәтиже – себеп) // *Сыртынан көрген көрген болмауы үшін, ауызбауыз сөйлесу қажсет* (мақсат – шарт) // *Сыртынан көрген көрген болмаса ауызбауыз сөйлес* (шарт нәтиже).

б) *Ендеше бүгін алтыбақан құрады. Ауызбауыз сөйлесем десең, сонда бар* (Б. Майлин) (мақсат- шарт) // *Сонда барсаң, ауызбауыз сөйлесесің* (шарт нәтиже) // *Ауызбауыз сөйлесу үшін, сонда бар, себебі бүгін алтыбақан құрады* (мақсат – шарт- себеп).

в) *Көп ұзамай әңгіме Шүгага көшті. Әбдірахманның ойын білу үшін, мен – Шүга қалай екен, көрдің бе? – дедім* (Б. Майлин) (мақсат- нәтиже) / / *Егер мен – Шүга қалай екен, көрдің бе? – десем, Әбдірахманның ойын біле аламын* (шарт – нәтиже).

г) *Жер жүзінде зұлымдық, өтірік, өсек деген-дердің бар екенін ұғындырып, жақсымен құттар жасамандық деген де барын естен шыгармау үшін, әр ауылда осы Радиодай бір адамның жүрері хақ* (Б. Имангазина) (мақсат – нәтиже) // *Әр ауылда осы Радиодай бір адам жүрер болса, онда адамдар жер жүзінде зұлымдық, өтірік, өсек деген-дердің бар екенің ұғынын, жақсымен құттар жасамандық деген де барын естен шыгармас еді* (шарт-нәтиже).

ғ) *Тыныш отырып, мақұл кісі болайық десек, малымыздан құрық, басымыздан сырыйқ дегендей арылар емес* (М. Әуезов) (мақсат –нәтиже) // *Малымыздан құрық, басымыздан сырыйқ арылатын болса, тыныш отырып, мақұл кісі болар едік* (шарт-нәтиже).

Талданған сөйлемдерден мынандай ой түйиндеуге болады: мақсаттың нәтижесін қайтадан шартқа айналдыратын болсақ, шарттың нәтижесі мақсаттың семантикалық қалпына кайта жақындейді, тек сырт құрылымы ғана өзгереді. Салыстырыныз: *Тыныш отырып, мақұл кісі болайық десек – мақсат, малымыздан құрық, басымыздан сырыйқ деген-*

дей арылар емес – нәтиже. Енді нәтижені шартқа айналдырайық: *малымыздан құрық, басымыздан сырыйқ дегендей арылатын болса – шарт, тыныш отырып, мақұл кісі болар едік – нәтиже.* Мақсат мәнді сөйлемдер шарт мәнді сөйлемге ауысканда, бағыныңқы сынарлардағы айқындылық сема (негипотетичность) көмескіленіп, болжалдылыққа (гипотетичность) айналады. Бұған шақтық мәннің де қатысы бар. Мақсат мәнді сөйлем сынарларында шақтық сәйкестік болса (осы шақ-осы шақ) болса, шарт мәнді сөйлемдерде көбінесе 2 сынар бірінші сынардан кейін орындалар әрекетті білдіреді, келер шақ формасында тұрады. Сонымен, мақсат мәнді сөйлем мен шарт мәнді сөйлем өзара айқындылық / болжалдылық қос мүшелі оппозициясын құрайды.

Ал шарт мәнді сөйлемдерді мақсат мәнге ауыстырысқ, құбылыс керісінше жүреді, яғни болжалдылық / айқындылық оппозициясы құрылады. Салыстырыныз: *Ферзіні орнынан қозғаса-ақ, қарсы жақтың шабуылы үдең кеткелі түр* (шарт-нәтиже). Шарт мәнді сөйлем болжалдылық оппозиция құрап түр, ейткені басынқы сынарға келер шақ формасы тән. Шарт мәнді мақсат мәнге ауыстырысқ, сөйлемнің семантика-грамматикалық тұрпаты былай болады. Қарсы жақтың шабуылын үдетеу үшін, *ферзіні орнынан қозғау керек* (мақсат-нәтиже). Мақсат мәнді сөйлемге ай-қындылық сема тән болып түр. *Жаңыңды күйттесең, арыңа нұқсан келеді. Арыңды таза сақтайдын десең, өмір сүру оңайга түспейді* (К. Жұмаділов) (шарт-нәтиже) // *Арыңа нұқсан келтірмей үшін, жасыңды күйттиме* (мақсат – нәтиже). *Өмір сүру оңайга тусу үшін, арыңды таза сақтамауың керек* (мақсат-нәтиже). Ауыстыру барысында сынарлардың семасы болжалдылық/ай-қындылық оппозициясын құрайды. Олай болса, белгілі бір қасиеттің бір оппозицияда пайда болуы сол қасиеттің екінші оппозицияда жойылуына әкеледі. Алайда бұнымен сол қасиет толық жойылып кетпейді. Бұл да астарлы мағына жүйесіндегі оппозициялардың нейтралдық белгісі [1].

Белгілі бір дәрежеде мақсат себепке де айналады. Мақсат мән, шарт мән, себеп мәннің айыр-машылығы деп мына ерекшелікті таптық: егер мақсаттың нәтижесін шартқа айналдырығанда, шарттың нәтижесі семантикалық тұрғыда қайтадан мақсат мәнге жуықтайтын болса, себеппен мақсат мәндерге ондай ерекшелік тән емес. Мақсат мәнді, шарт мәнді сөйлемдердің бағыныңқы сынарлары өзара қарама-карсы мәнде орын ауыстыра алады. Ал себеп мәнді, мақсат мәнді сөйлемдерде бұндай кері құбылыс жүрмейді. Ерекшелік тек бағыныңқы сынарлардың семантикалық ренктерінде ғана: мақсат мәнде бол-

жалдылық, ыктиналдылық ренқ болса, себеп мәнде бұл ренқ барынша айқындалады. Салыстырыныз; а. *Батырханды қайтсем көңілдендірем деп, анекдоттың да тиегін ағытып жасатыр-ау* (мақсат-нәтиже) // *Батырханды көңілдендіргісі келгендейтін, анекдоттың да тиегін ағытып жасатыр* (себеп-нәтиже). Сөйлемнің сынарлары орын ауыстырған жоқ, тек бағыныңқы сынарлардың семантикалық ренқі барынша нақтылана түсті.

Енді салалас және сабактас 2 сөйлемнің сынарларын мақсат, шарт, себеп мәндерінде байланыстыра отырып, 1 аралас құрмалас сөйлем жасап көрейік. – *Еңдеше, бұгін алтыбақсан құрады. Ауызба-ауыз сойлесем десең, сонда бар // Ауызба-ауыз сойлесу үшін* (мақсат), сонда бар (шарт), себебі бұгін алтыбақсан құрады (себеп). Мақсат, шарт, себеп мәндер бір-бірімен сабактасып, аралас құрмалас сөйлемнің өн бойында тұр. Енді мына сөйлемге көз жүгіртініз: *Құшақтар, сүйер деп едім, өйтпеді, жүрттың бері самсан қарап тұрган соң, ибалық қылды білем... бекер ұялды, құшақтау керек еді, сую керек еді* (Б. Майлін). Аралас құрмаластын сынарларына мына мәндер тән: Мақсат мән - құшақтар, сүйер деп едім, нәтиже – өйтпеді, себеп мән – жүрттың бері самсан қарап тұрган соң, ибалық қылды білем... бекер ұялды, шарт мән – құшақтау керек еді, сую керек еді.

Бұл сөйлемде оқиғаны пысықтауға қажет қозғау салушы детерминанттардың (мотивационные детерминанты) бері бар: себепті детерминант, шартты детерминант, мақсатты детерминант, нәтижелі-салдарлы детерминант. Айтылған детерминанттарға қоса бұл сөйлемде психологиялық екпіннен шығатын интонациялық кідіріске байланысты сөз жүтудың да үлесі бар. Оның мәтіндегі көрінісі – көп нұктес. Сөйлеу үстіндегі хабардың мазмұнын тыңдаушыға жеткізуде интенцияның да үлесі зор. Ол сөйлемге ерекше психологиялық өн береді [2].

Талданған сөйлемдер арқылы ой тұжырымда-сақ, бағыныңқы сынарларының семантика- грамматикалық сипатына карай мақсат мәнді және шарт мәнді сөйлемдер айқындылық / болжалдылық, көрінінше, болжалдылық/ айқындылық оппозицияларын құрайды. Ал себеп және мақсат мәнді сөйлемдерде бағыныңқы сынарлар өзара орын ауыстырмайды, тек бағыныңқы сынарларының семантикалық ренктері барынша нақтыланады немесе көмескіленеді. Себебі мақсат белгілі бір дәрежеде себеп те бола алады. Ал мақсат пен шартта әрекеттің нәтижесінде және шақтық айырмашылыққа байланысты белгілі бір дәрежеде қарсы мән бар. Алайда мақсат, шарт, себеп, салдар әрқашан өзара тепе-

тендікті сақтап, үйлесімге, біртұтастыққа ұмтылады. Бұның езі: «ештеңе жоқтан пайда болмайды және түгел жо-йылып кетпейді» деген диалектиканың қағидасына саяды. Ендеше бұл да тіл мен танымның тағы бір сабактастығы.

Сөйлемдегі мақсат мән грамматикалық тұрпатын өзгертіп, *-са дейді, – сам ба дейді түрінде де кездеседі*: *Өз кіндігінен жеті – сегіз бала бар. Со-ларды багыт-қағып, қатардан қалдырmasам дейді* (К. Жұмаділов). *Батырхан есіктен кіре бере әзіл айтсам ба деп ойлаган* (К. Жұмаділов). – *Көргенім аз емес еді ғой. Сақтансам ба деп едім, – деп тар-тының коріп едім* (М. Өуезов). Мына сөйлемдегі мақсат мәнде ирониялық ренқ бар: *Шынында да, мұның мамандығы зоотехник, не агроном, не эко-номист болса екен. Айдалада жүрген әдебиетшінің шаруашылықа келіп несі бар, жа-ным-ау?* (К. Жұмаділов). Ауызекі диалогтегі мақсат мәннің жұмысалуының бір үлгісіне назар аударайык:

– *Бірақ дәл қазір саған лайық жұмыс жсоқ қой бізде. Өз орнымды босатып бермесем...*

– *Мен мансан іздел жүргем жсоқ. Жай тас қалауши болсам да жетеді* (К. Жұмаділов) (министр мен құрылышы).

Жоғарыда көрсетілген формаларды Р.Әмір ауызекі тілдегі мақсат мағынаны білдіретін баяндауыштар қатарына жатқызады. Кей формалар контексте қарай қалау, тілек мағыналарын білді-реді. Бұл қызмет олардың әу бастағы шарттық мағынасынан өрбін шыққанын айтады [3].

Қорыта айтқанда, сөйлемдегі мақсат пен шарт мәндерінің грамматика- семантикалық сипатына себеп, мезгіл, салдар мәндерінің де қатысы бар. Олардың өзара байланысын шарттылықтың әдіснамалық сипатымен түйіндеуге болады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Биренбаум Я.Г.* Причинно-следственный куб. Новосибирск, 1978.
2. *Баймұрынов Ж.М.* Синтаксистік құрылыштағы интенция көріністері // Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыт. Алматы, 2006. 30-34-бб.
3. *Әмір Р.С.* Жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Санат, 1998.